

SAIGA NEWS



Ақбөкенді сақтау Альянсының бюллетені

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде
мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығады



Моңғол популяциясының ұрғашы ақбөкені © Б. Бувейбатардікі

Қолдауларымен
шығады:



Мазмұны

Арнаулы тақырып

Анна Луцкекина, Елена Быкова, Наталья Шивалдова Ресей мен көршілес елдердің қорғалатын территориялар системаларына 100 жыл

Жаңалықтар

Энхтувшин Шилегдамба Ақбөкендердің моңғол популяцияларында PPR-тың тұтануына жауап ретінде WCS-тың әрекеттері

Буяна Чимеддорж Моңғол малшылары ақбөкенге күшті жек көрініштілекпен қарайды

Муниб Ханьяри Сага о сайгаке: монгольское издание

Юрий Грачев 2017 ж. Қазақстанда ақбөкендерге самолетпен санақ жүргізу қорытындылары

Салемгареев Альберт, Цутер Штеффен 2016-2017 жж. Бетпақдала және орал популяциялары төлдейтін жерлерде мониторинг жүргізудің нәтижелері

Жарболова Данара және Суттибаев Мухит Қазақстанда ақпараттық кампания ақбөкен мүйіздерімен сауда жүргізуге қарсы

Кривошеева Алёна Қызметші иттер жануарлар дүниесі объектілерімен заңсыз сауда жүргізушілерді ұстау қызметінде

Кривошеева Алёна Қазақстанда ақбөкеннің Үстірт популяциясын зерттеу және сақтаумен айналысатын арнаулы группа ұйымдастырылды

Арылов Юрий және Кузьмичева Кристина Ақбөкен күні-2017

Баспасөздерден

Мақалалар

Б. Чимеддорж, Б. Бувейбатар Ұсақ күйіс қайыратын жануарлардың чумадан жаппай қырылуы кезінің нәтижелері - ақбөкеннің моңғол популяциясына әсеріне талдау жасау

Ричард Кок Ақбөкендерде ұсақ күйіс қайыратын жануарлардың чумасы

Шаопэн Цу және басқалар. Қытайда ақбөкен тарихы, жойылуы және қайта жерсіндірудің келешегі

Владимир Терентьев, Марк Пестов Атырау облысында (Қазақстан) ақбөкеннің Еділ-Жайық популяциясының шағын территориялық группировкасын сақтау тәжірибесі

Ирина Новак Ақбөкен популяциясын қалпына келтіруде халықаралық институттардың ролі

Кирсти Симкин Өзгеру Теориясын тексеру - Өзбекстанда ақбөкенді сақтау альянсы жұмысында табиғатты қорғау әрекеттерін бағалау әдістемесі

Жаңа жарияланған жұмыстар

Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі

Буяна Чимеддорж, Моңғолия

Редакция алқасы. Ұлыбритания: проф. Э.Дж. Милнер-Гулланд [редактор-консультант], Империял колледж Лондон (e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk); Қазақстан: Ю. Грачев, проф. А. Бекенов, Зоология институты (teriology@mail.ru), А. Кривошеева, АСБК (alyona.krivosheeva@acbk.kz); Қытай: Гуйхон Джан (guihongzhang@foxmail.com), Куйлонгский білім беру тренинг-центр & проф. Чжиган Цзян (zhigangjiang@vip.sina.com), Зоология институты АН ҚНР; Моңғолия: Б. Лхагвасурен (lkhagvazeer@gmail.com) және Б. Чимеддорж (chimeddorj@wwf.mn), WWF-Моңғолия; Ресей: А. Луцкекина, Экология және эволюция проблемасы институты (saigak@hotmail.com) және Ю. Арылов, Қалмақия Республикасы жабайы жануарлар орталығы (saiga-center@mail.ru); Өзбекстан: Е. Быкова [жауапты редактор] және А. Есипов, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің генофонд институты (esipov@xnet.uz), дизайн А. Ганиева, (alfiya_71@mail.ru).

Бұл басылымды онлайннан www.saiga-conservation.com, <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html> алуға болады немесе сұраныш бойынша басылған данасын ағылшын, қазақ, қытай, моңғол, орыс және өзбек тілдерінде редакторлардан алуға болады.

Алты тілдердің бірінде жазылған материалдарыңызды бізге жіберуге болады. Оларды мына адреске esipov@xnet.uz немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады. Авторлар үшін ағылшын және орыс тілдеріндегі ережені www.saiga-conservation.com табуға болады немесе сұранышпен редакторлардан алуға болады. Егерде сіздерде сұрақтар туса, өз елдеріңіздегі Saiga News редакторымен немесе жауапты редактор Елена Быковамен (esipov@xnet.uz) байланысыңыздар.

Арнаулы тақырып

Ресей мен көршілес елдерде қорғалатын территориялар системаларына 100 жыл

Бұдан 100 жыл бұрын, барлық экономикалық және саяси қиындықтарға қарамастан, Бурятия Республикасында Байқал көлінің жағасында Ресей империясы территориясында алғашқы Баргузин қорығын ұйымдастыру туралы шешім бекітілген болатын – бұлғын популяциясын қалпына келтіру үшін. Бұл маңызды оқиға Ресей территориясында ғылымға негізделген біріңғай мемлекеттік ерекше қорғалатын табиғи территориялар системаларын ұйымдастырудың алғашқы ұйтқысы болды, 1922 ж. СССР ұйымдастырылғаннан кейін және оған кіретін, ыдырағанға дейін, барлық республикалар енген..

Бүгінде бұрынғы Совет Одағының әрбір республикасының өздерінің заңдары және өздерінің ерекше қорғалатын табиғи территориялар системасы бар, бірақ, бұл системаның негіздерін, абиғаттық қорғаудың территориялық формасы, ұғымдарымен қоса, XIX-ғасырдың аяғы мен XX – ғасырдың басында атақты орыс/советтік жаратылыс тану ғылымның ғалымдары қалаған еді: И.П. Бородин, Г.Ф. Морозов, Г.А. Кожевников, В.П. Семенов-Тянь-Шанский, А.Н. Формозов және басқалар. Биологиялық алуантүрлілік Коевенция төңірегінде қорғалатын территориялар табиғатты in situ сақтаудың негізгі элементтері болып табылады, бұл экосистема мен табиғи мекендейтін қорыстарды сақтау екендігі белгілі, сонымен бірге тіршілікке бейім түрлерді табиғи мекендейтін жерлерінде қолдап, қалпына келтіру болып табылады. 1990 жылдардың басына қарай СССР-де ерекше қорғалатын территориялар (ООПТ) құрамында шамамен 200 қорықтар, 23 ұлттық парктар, 3000-нан аса қорықшалар болды.

Бұл система басқа елдерде қолданып жүргендерден өзгерірек, қорықта территорияларды пайдалану үшін жабық, мүмкін болғанша, табиғатты оның алғашқы қалпында сақтау. Қорықтардың негізгі міндеті – ғылыми зерттеулер жүргізу. Қорықшаларда шаруашылық қызметінің бірқатар түрлерін жүргізуге болады, бірақ олар қорғаудың кейбір режимін сақтайды, сол арқылы, мысалы, қоныс аударатын түрлердің (ақбөкендердің) маусымдық қорғауын қамтамасыз етеді. Бұған қарамастан, бұрынғы СССР-дың тәуелсіз елдері өздерінің ерекше қорғалатын территорияларын ауыстырды және өздерінің заңдарын кеңейтті, негізгі философия бұрынғыша көп жағдайда ООПТ системасының негізін қалаушылардың пікірлерімен сәйкес келеді.

ТМД елдерінде ақбөкенді территориялық қорғау жағдайына шолу

ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Республикасында республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи территориялар саны 113, бірақ ақбөкендер бұл территориялардың бесеуінде ғана қорғалады:

Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты (сурет 1-1), көлемі 764 мың га, 2007 ж. Ырғыз ауданының территориясында табиғи комплекстерді сақтау мен қалпына келтіру, ақбөкеннің бетпақдала популяциясының – қоныс аудару жолдары мен маусымдық мекендейтін жерлерін қорғау мақсатында, сондай-ақ Ырғыз-Торғай көлдер системасында батпақты - су көздерін, жалпы су системасын сақтау мақсатанда ұйымдастырылған болатын.

Мемлекеттік табиғи резерват «Алтын-Дала» (сур. 1-2) жер көлемі 490 мың гектар шамасында, 2012 ж. Орталық Қазақстанның уникальды дала – экосистемасын сақтау мақсатанда ұйымдастырылды. Резерват тұйықталған Торғай жән Ұлы-Жыланшық озендерінің алқабында орналасқан, ол негізгі ақбөкен төлдейтін жерлерді, қыстайтын жерлерге топтасу және ақбөкеннің бетпақдала популяциясының қоныс аудару жолы болып табылады.

Резерваттың шекарвсына негізгі құстар мекендейтін территория болып табылатын тұщы сулы уникальды Сарықопа көлдер системасы да енеді.

Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы (сур. 1-3), жалпы жер көлемі 543 мың га, 1968 ж. ұйымдастырған, Қазақстанның

Арнаулы тақырып (кеңейтім)

далалық зонасының орталық бөлігінде орналасқан.

Онда оның негізгі территориясын Қорғалжын және Теңіз көлдерінің батпақ сулы қоныстары алып жатыр. 2008 жылы Теңіз көлінің батыс жағында орналасқан 260 мың га далалық жері қорық территориясына қосқан еді. Сол арқылы бұл ООПТ негізгі міндеттерінің бірі – ақбөкенді сақтауды қамтамасыз ету, әсіресе, дәстүлі бетпақдала популяциясының төлдейтін қоныстарын сақтау болып табылады.

Наурзым мемлекеттік табиғи қорығы (сур. 1-4), 1966 ж. шамамен 191 мың га жерде Торғай үстіртінің еуроазиялық даласының орталық поясында орналасқан. Негізгі міндеті – табиғи жағдайда солтүстік Қазақстанның дала зонасына осы жерге тән, сирек және уникальды табиғат комплекстерін, жануарлар мен өсімдіктерін дүниесін сақтау, олардың мониторингі және зерттеу. Бұл территорияда ақбөкен мамыр айынан қыркүйекке дейін болады.

Барсакельмес мемлекеттік қорығы (сур. 1-5), 1939 ж. Ұйымдастырылған, жер көлемі - 17 мың га. 2016 ж өзгерістен кейін Барсакельмес биосфералық

қорығы, жер көлемі . 407,132 мың гектарға дейін өсті-құрғап қолған территориялар есебінен және Қасқақұлан участкісін қосу есебінен, сондай-ақ үлкен буферлық өтпелі зона құруына байланысты болды. Бұл Қазақстан мен ТМД елдерінде бірден-бір қорық тіршілігі экстремальды экологиялық жағдайда, Арал теңізі деңгейінің төмендеуіне байланысты. Ең бағалы қорғалатын аңдар: құлан, жейран, әрине, бірінші кезекте – ақбөкендер. Бүгінде ақбөкендер Арал теңізінің шығыс жағалауына қоныс аударуына мүмкіндік алды, өйткені онда тұщы су көзі бар еді.

ТҮРКМЕНИСТАН

Бүгінгі күндері Түркменстан Республикасында 9 қорықтар мен 16 қорықшалар ұйымдастырылған.

Қапланқыр мемлекеттік табиғи қорық (сур. 1-6) - 1979 ж. ұйымдастырылған және қазірде 282 мың га территорияны қорғайды; ол Өзбекстан мен Қазақстанның шекараларынан алыс емес - солтүстік және оңтүстік шөлдердің қилысындағы Оңтүстік Үстіртте орналасқан сазды қыратты Қапланқыр қыратында орналасқан. Қорықтың ерекшелігі - мұнда ақбөкендер тіршілік етеді; бұрын қысы суық жылдары



көрші Өзбекстан территориясынан қоныс аударатын. **Оның құрамына сондай-ақ Сарықамыш** (сур. 1-7) және **Шасенем қорықшалары** (сур. 1-8) енеді. Түркменстан Республикасының 2015 ж. CMS секретариатының берген есебінде соңғы жылдары онда ақбөкендер желтоқсан айынан наурыз айына дейін болады.

ӨЗБЕКСТАН

Соңғы уақытқа дейін Өзбекстанның ерекше қорғалатын табиғи территориялар системасы 9 мемлекеттік қорқтардан, 2 ұлттық парктерден және 9 қорықшалардан тұрады. ООПТ-ның жаңа типі – комплекты ландшафты қорықша «Сайгачий» 2016 ж. Қарақалпақстан Республикасы территориясында көлемі шамамен 848 мың га жерде (сур. 1-9) ұйымдастырылған, өзіаттас қорықшаны қайта ұйымдастыру нәтижесінде. Бұл территория Үстірт қыратында табиғат жағдайы жөнінен ақбөкен мен басқада жануарлардың сирек түрлері мен өсімдіктердің тіршіліктеріне нағыз қолайлы қоныстар болып табылды. Мұнда ақбөкендердің үстірт популяциясының қоныс аударатын және төлдейтін дәстүрлі мекендері орналасқан.

РЕСЕЙ

Ресейде бүгінде 12 мыңнан астам әртүрлі деңгейдегі ООПТ (федеральдықтан муниципальдыққа дейін) ұйымдастырылған және әртүрлі категорияларда (қорықтар, ұлттық жән табиғи парктер, қорықшалар, табиғат ескерткіштері және басқалар). ООПТ-ның федеральдық системасына 103 мемлекеттік табиғи қорықтар, 47 ұлттық парктер, 67 федеральдық қорықшалар енеді. Олардың бір бөлігі ақбөкенді қорғауға арналған.

Мемлекеттік табиғи биосферный қорық «Черные земли» (сур. 1-11) 1990 жылы ұйымдастырылған және оның негізгі участегі «Степной», жер көлемі 100 мың га шамасында, Каспий ойпатындағы Кума және Еділ өзендері арасында орналасқан. Бұл полигон адамдар қызметтері нәтижесінде пайда болған далалық, жартылай шөлеттік

және шөлді ландшафтыларды зерттеуге арналған. Қорықтың символы – ақбөкен. 2009 ж. қорықтың оперативті басқармасына үш федеральдық қорықшалар берілген: **«Меклетинский»** (сур. 1-12), **«Сарпинский»** (сур. 1-13) және **«Харбинский»** (сур. 1-14), әсіресе «Меклетинский», бұл территорияда ақбөкенді қорғауды жақсартуға мүмкіндік берді. Бірақ та, территория басқа екі қорықшаның («Сарпинский» және «Харбинский»), қорықтың негізгі территориясынан солтүстікке қарай алыс орналасқадықтан, қазірде ақбөеннің алысқа қоныс аударуы болмағандықтан өздерінің актуальдықтарын жоғалтты.

Мемлекеттік табиғи қорықша «Степной» (сур. 1-14), қазірде жер көлемі 109 мың га құрайды, 2000 ж. Астрахан облысының Лиманский ауданы территориясында ұйымдастырылған бетегелі боз өскен уникальды далалық табиғи комплексі, бірқатар жануарлардың сирек түрлерін (бірінші кезекте ақбөкенді) және өсімдіктерді сақтау мақсатында жүзеге асқан еді. Қорықша Астрахан облысының Лиманский ауданында мемлекеттік табиғи қорық «Черные земли» территориясынан онша алыс емес жерге орласқан, шынныңда, қорықтың шығыс шекарасын оның территориясына қорық режимін бұзғандардың ену мүмкіндіктерінен қорғайды, сол арқылы ақбөкенді қорғау үшін ООПТ системасын құрады.

Мемлекеттік табиғи қорық «Богдинске-Баскунчакский» (сур. 1-15) 1997 жылы 19 мың га жерде Басқұншақ, көлінің төңірегіндегі әліде нашар бұзылған жартылай шөлейтті қоныстарды сақтау үшін ұйымластырылған – Ресейдегі ақпайтын тұзды ірі көлдердің бірі. Мұнда сондай-ақ Үлкен Богдо тауы қорғалады (т. д. 149,6 м баіктікте), ол Каспий ойпатындағы ең бгик точка болып саналады. Қорық территориясына Қазақстаннан ақбөкеннің Еділ-Орал популяциясынан аңдар енеді. Бұрын Басқұншақ көліне жақын территориялар қоныс аударатын жолдардың бойында болатын және ақбөкендердің мекендейтін

Арнаулы тақырып (кеңейтім)

қоныстары болатын.

Мемлекеттік табиға қорық «Оренбургский» (сур. 1-16) 1989 ж. 40 мың га жерде уникальды дала ландшафттарын сақтау және қалпына келтіру мақсатында ұйымдастырылды. Тек қорықтың бес участогының біреуінің ғана – жер көлемі 7200 га «Ащысай даласына» Қазақстан Республикасы территориясындағы

ақбөкеннің бетпақдала популяциясынан аңдардың енетіндігі байқалады.

Қазақстан жағынан сондай-ақ ақбөкендердің Еділ-Орал популяциясынан Астрахан, Волгоград жән Саратов облыстарының солжағалау аудандарына аңдардың кіретіндігі байқалған, бірақ, айту керек, Ресей жағынан да, сол сияқты Қазақстан жағынан да онда бірде-бір ООПТ жоқ.

Қорықтардағы сабақтар

РЕСЕЙ

Ресей Федерациясы Президенті Владимир Путиннің указына сәйкес, 2017 жыл - ерекше қорғалатын табиғи территориялар жылы деп жарияланған, ол еліміздің барлығында кең аталып өтіп жатыр. Одан басқа, еліміздің барлығында «Бүкілресейлік қорық сабағы» акциясы өтуде. Оны «Қорықтардың экологиялық – ағарту Орталығы» әртүрлі ұйымдардың қолдауымен дайындаған. 45 минутқа созылатын «Қорық сабағы» - бұл әртүрлі жастағы балалар үшін экологиялық білім мектебі, онда олар туған елдің табиғаты туралы және оның көптүрлілігін қорғау мен сақтау туралы мәліметтер беретін система туралы білім алады.

Бұл шараларға қатысудан Ресей ООПТ-сі «сайгачьих» қызметкерлері де қалысқан



Кәсіптік жалпыбілім беретін мектепте «Степной» қорықшасы қызметкерлері өткізген қорық сабағы. <http://www.ifaw.org/russia/urok>

жоқ. Мұғалімдер мен Богдино-Басқыншақ қорығының қызметкерлері «Богдино-Басқыншақ қорығы – Астрахань жерінің байлық көзі» атты класстан тыс шара өткізді, ол әсем презентациямен, өлең айтумен, викториналармен көркемделді. Балалар Богдино-Басқыншақ қорығы – бұл Астрахань жерінде сондай уникальды орын екендігін білді, мұнда анда – санда Қазақстаннан қонақтар – ақбөкендер енеді, сондақтанда бұл жерді келешек ұрпақтар үшін сақтап қалу өте маңызды. Бірқатар қорық сабақтарын «Черные земли» қорығының қызметкерлері де өткізді; қорық территориясына көршілес жатқан поселкалардың мектептерінде викториналар, экологиялық ойындар ойналып, видеофильмдер көрсетілді. Барлық оқушыларға қорықтың символы сувенир ретінде берілді. «Степной» қорықшаның қызметкерлері де жергілікті мектепте қорықтар сабақтарын өткізді; онда жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің байлығы, Астрахань облысының бұл



«Черные земли» қорығының қызметкерлері қорықтар сабақтарын Қалмақия Республикасының Черноземель және Яшукуль аудандарындағы мектептерде өткізді. <http://zapovednik-chernyezemli.ru>

нәзік әрі жеңіл жараланатын бұрышын қорғау қорықша қызметкерлеріне оңайға түспейтіндігі туралы жан-жақты айтып берді. Және, әрине, ақбөкен туралы, оларға яғни жастарға туған өлкенің табиғатын сондай қамқорлықпен сақтау ісін жалғастыру міндеттері жүктелетіндігі айтылды. Балалар сондай-ақ ақбөкенді сақтау Альянсының жұмыс істейтінін, оның жұмысы тек Ресей территориясында ғана емес, сонымен бірге түрдің таралған елдердің бәрін де жүріп жатыр. Сабақ шағын викторинамен аяқталды; балалар сұрақтарға жауап берді және дұрыс жауап бергені үшін жануарларды қорғау халықаралық фондысынан (IFAW) сыйлыққа сувенир алды.

ӨЗБЕКСТАН

Ресей коллегалардың инициативасын Өзбекстанда энтузиазммен қабылдады. Өзбекстан және әлемдегі қорықтар территорияларына арналған шараларға Нөкіс қаласынан, Жаслық, Қарақалпақстан және Қырық-қыз поселкаларынан 2 000 астам балалар мен ересектер қатысты. Мұғалімдер



Ботаникадан ашық сабақ, Өзбекстанның қорықтарына арналған © SCA

үшін шақыру сондай салмақты болды, өткені жаңа материалды тек қана меңгеру ғана емес, сонымен бірге ойлану қажет: қалай қызықты, түсінуге оңай жолмен қорғалатын табиғи территориялар туралы мәліметтерді өзінің пәнді тақырыбына енгізе алады.

Бастама Нөкіс қаласында қаланды, онда қорықтар күні алдында балалар бірқатар экологиялық акциялар өткізді және тоғай орманының экосистемасын танысу үшін Төменгіамудария биосферный резерватына барды және оның негізгі мекендеушісі –



Қарақалпақия пселкасындағы қорық сабағы © SCA

бұхар бұғысымен танысты, инспекторлар мен ғылыми қызметкерлердің жұмыстарыменде танысты. Экспедицияға қатысушы балалар өздерінің презентацияларында алған әсерлері жөнінде жолдастарымен бөлісті. Мейірам күні алып шоумен және «Үстірт ақбөкені: өмірге құқылығы» документальды фильмді көрумен аяқталды.

Қорықтардың күнін өткізу эстафетасын Жаслық, Қарақалпақстан және Қырық-Қыз поселкаларының мектептері алды. Жаслық №54 мектепте физкультура сабағында балалар өздеріне қандайда бір сирек жануардың ролін таңдап алды, одан кейін оған көптеген кедіргілерден өтіп барып, өзінің қорығына жетуі керек. Музыка сабағында балалар нағыз ертегіге енді, өзіне қуыршақ спектакліндегі персонаждардың бірінен роль таңдап алулары қажет, зиянды браконерлерді жеңу қажет, сол арқылы ақбөкен лағын құтқару қажет, одан кейін ол өзіне ыңғайлы және қауіпсіз үй-жаңа қорыққа тап болады. Қарақалпақстан поселкасында



Музыка сабағында ойыншықтарды көрсету, қорықтар күніне арналған © SCA

Жаңалықтар



«Мама Сайгак» инициативтік группасының мүшелері Жаслық поселкасындағы балалар бакшасындағы өздерінің кішкентай тәрбиеленушілерімен © SCA

№56 мектепте Дала клубы. «Біз және бейбітшілік» мүшелері дайындаған экотеатр мен флешмоб көрсетілді, соңында мейрам туралы ойлар бізді биледі. Қырық-қыз поселкасында дала клубының лидерлері ақбөкенге арналған спектакль дайындаған, конкурстар мен викториналар болды. Мектеп мейрамына бардық қатысқандар сондай қызығушылықпен Чатқал қорығы туралы фильмді көрді және қорық қызметкерлеріне

өздерінің сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды.

Нағыз, анық, әсем сыйлық болып экологтар командасының балалар бақшасына баруы болды, өйткені онда жаңа қызық инициатива – «Ана Сайгак» – «Мама Сайгачиха» дамып келеді. Қазірде творчестволық педагогтар группасының мүшелері кішкентай бүлдіршіндерге жақсы ертегіні сыйлады, онда кішкентай ақбөкендердің құралайлары жақсы балалармен достасып, барлығы бірге браконьерлерді жеңді, қиын жағдайдан аналық сайгакты құтқарды және енді «Сайгачий» қорығында өмірмен қуануда.

Рсей мен Өзбекстанда қорықтар күні аяқталды, қорықтар сабақтары өткізілді. Барлық мектептер бұрынғыдай өздерінің үйреншікті сабақтар режиміне көшті. Бірақ қорықтар шараларына қатысқан әрбір оқушының ойында қоршаған орта табиғатына байланысты жақсы пікірлер қалыптасты деп айтуға болады, сондай-ақ өте нәзік әрі уникальды экосистеманы сақтау ісіне қатысу түйсіктері ойландырған сияқты. Мұндай білім беретін шаралар дәстүрлі өтіп тұрады деп сенеміз.

Анна Луцкекина, Елена Быкова және Наталья Шивалдова

Ақбөкенді сақтау Альянсы, «Экомактаб» эколого-ресурстық Орталық, ebykova67@mail.ru

WCS-тың моңғол ақбөкендерінің арасында PPR-тың лап етуіне жауап ретінде әрекеттері

Энхтувшин Шилегдамба, Жабайы табиғатты сақтау қоғамы(WCS), eshiilegdamba@wcs.org

Батыс Моңғолияда Ұлы Көлдер шұңқырында ақбөкендердің жаппай қырылуына қарсы шаралар жалғасуда. Үкіметтің соңғы есебіне қарағанда, 2016 ж. желтоқсан айынан бастап. Дургун даласы территориясында; Хусин-Гоби және Шаргин-Гоби (провинция Ховш және Гоби-Алтай), Алтай және Қытаймен шекаралас, мұнда 5000 аса жануарлар өлім-жітімге ұшырады. Жаппай қырылудың алдында өткізілген бағалауға байланысты, бұл уникальды тұртармағының саны-шамамен 10000 особтай еді. Қырылудың себебі – үй маладарында таралған вирус болып табылады; ол Peste des Petits Ruminants (PPR) ретінде немесе ұсақ күйіс қайыратын

жануарлар чумасы ретінде белгілі. Моңғолия ақбөкені популяциясын қамтыған бұл ауру бірінші рет ұсақ мүйізді малдарда ақбөкен мекендейтін жерлерде 2016 ж. желтоқсан айында байқалған еді және тез арада жабайы жануарларға да тарады (толығырақ Б. Симеддорж, Б. Бувейбатар және Р. Коктің мақалаларын қараңыз).

WCS-тың шапшаң қимылдайтын группасы, оның құрамына WCS моңғол программасының директоры, доктор Энхтувшин Шилегдамба, биолог WCS, доктор Бувейбатар Баярбатар және Ариунбатар Бархасбатар, доктор Батхуяг Сандаг ветеринария мен жануарларды өсіру Агентствасынан, және вирусолог,

доктор Мунхдурен Шатар мемлекеттік орталық ветеринария лабораториясынаң, дала зерттеулерін жүргізді, FAO/OIE-ның кризисный ситуация басқармасы Орталығының мамандарымен бірлесіп атқарды. Оларға консультацияны доктор Ричард Кок Королевтік ветеринарлық берді колледжден (Лондон) және эпидемиолог Моңғолиядан, доктор Болортуи Пуверсурен. Команда ситуацияны оперативно бағалады, өлген жануарлардан пробылар алынды, жақында ғана өлген ақбөкендерді сойып, ауырған жануарларды жан-жақты зерттеді. Зерттешілер PPR диагнозын бекітті және мәліметтер жинау және аурумен күресудің тез қолданылатын шараларын қабылдау рекомендациясының тізімі жасалды.

WCS ғалымдары эпизоотиямен күресуді жалғастыруда. Бұл бағытта істелген соңғы нақты шаралардың бірі – «Моңғол ақбөкені мен үй жануарларында PPR-дің лап ету проблемасы бойынша халықаралық мәжілісті» ұйымдастыру болып табылады. Мәжіліс төңірегінде Моңғолия Үкіметі үшін жабайы және үй жануарларында бұдан әрі эпизоотияны болдырмаудың арнаулы рекомендациясы жасалды. Мәжілісті экология және туризм министрлігі, тамақ министрлігі, Моңғолияның ауыл шарушылық және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары 29-31 мамыр айында 2017 ж. өткізді; Моңғолиядағы АҚШ елшілігінің, FAO/OIE, АҚШ Геологиялық службасының (USGS),



«Моңғол ақбөкені мен үй малдарында PPR-дің лап ету проблемасы бойынша Халықаралық мәжіліске» қатысушылар. © WCS Моңғолия



Мемлекеттік орталық ветеринария лабораториясы мен ветеринария лабораториясы ақбөкен ареалының батыс бөлігінің мамандары үшін жабайы жануарлардың патолого-анатомиялық тренингі. © WCS Моңғолия

АҚШ балық және жабайы жануарлар службасының (USFWS) және WCS-тың қолдауымен өтті. Мәжіліс біткеннен кейін Батыс Моңғолиядағы төрт провенцияның және мемлекеттік орталық ветеринария лабораториясының мамандары дала жағдайында өлген жануарларды союдың, оны сипаттап жазудың және союдың нәтижежелерін документтеу және далалық жағдайда алынған пробалардың негізгі лабораториялық анализдерін өткізу үшін жетілік оқу – тренирлік курстан өтті. Курстардан өтуді қаржы жағынан Өзаратүсінісу Тресті (TMU) көмектесті, техникалық инструкторлар ретінде патологанатомдар Бронксск зоопарктің патология бөлімінен Шарлот Холлинггер және Аня Томашевич қатысты.

Морристың жануарлар фондысының (Morris Animal Foundation), ақбөкенді сақтау Альянсының және FAO/OIE-ның қолдауымен WCS Батыс Моңғолияда жабайы тұяқты жануарларға, атап айтқанда, ақбөкендерге, қарақұйрықтарға, сібір ешкісіне және арқарларға санақ жұмысын жүргізуді жоспарлап отыр. Біз сондай-ақ ақбөкендерге ошейниктер кигіземіз және бұл жануарлардан пробалар аламыз, сол арқылы олардың ұсақ күйіс қайыратын жануарлардың чумасына тұрақтылығын және қарсылық әрекеттерін зерттейміз, аурудың таралу жолын әрі таралу мөлшерін анақтаймыз, вирустың дамуына жол бермейтін әдістерді анықтау мақсатымен және жабайы тұяқты аңдардың вирусты жұқтыруді азайту, мысалы, үй

Жаңалықтар (кеңейтім)

жануарларын вакцинациялау арқылы.

Мүмкін, ақбөкендер PPR вирусымен ұсақ мүйізді малдардан жұқтырған болуы керек. WCS ФАО/МЭБ-пен, экология и туризм министрлігімен, тамақ министрлігімен, ауыл шаруашылығымен жеңіл өнеркәсіппен, WWF және жалпы және эксперимальды биология Институтымен бірлесе отырап, PPR-мен күресу және оны түп-тамырымен жоюдың тиімді стратегиясын дайындау жұмысымен айналысуда, үй малдарымен әрі жабайы жануарлармен жұмыс істеуде, сонымен бірге айтарлықтай және

ұзақмерзімді социально-экономикалық сфераға және биоалуантүрлілікке әсерін болдырмау. Ақбөкенді қорғау мен оның мекендейтін жерлерін сақтау үшін қаржы бөлуді көбейту қажет, сонда ғана айтарлықтай қырылғаннан кейінгі қалған популяцияны қалпына келтіріп, сақтап қалуға болады, сол арқылы бұл уникальды тұртармақты қалпына келтіруге мүмкіндік туады. WCS спонсорлар мен көмекшілерді іздеуді жалғастыра береді – Моңғолияда 2025 жылға қарай ауруды болдырмау жоспарын іске асыру үшін.

Моңғолия малшылары ақбөкенге күшті жек көрініштілікпен қарайды

Буяна Чимедорж, WWF-Моңғолия chimeddorj@wwf.mn

Мыңдаган моңғол ақбөкендері ұсақ күйіс қайыратын жануарларда чуманың лап етуі нәтижесінде өлімге ұшырады, тек 4961 бас қана тірі қалды. Аурудың аздап болса да бәсеңдегеніне қарамастан, ақбөкендер арасында қырылу деңгейі төмендеу керек деп ойласақ, қалай пайда болды жаңа проблема – жергілікт малшылар жағынан жануарға тұрақты күшті жек көрініштілікпен қарау туды. Бейшара ақбөкендер, бұрын оларды үй малдары үшін азық қорының жетіспеуіне кінәлі деп ойласа, енді қауіпті инфекциялық аурудың таралуына себепші болды деп ойлайды. Малшылар енді ақбөкендерден қауіптенетін болды. Ауру жұқтырған жабайы жануарлар үй малдарында зақымдауы мүмкін. Көптеген малшылар бұл антилопаға көргісі келмейтін ниетпен қарайды, өйткені, олардың біреуінің сөзіне қарағанда, жойылып кету қаупінде тұрған эндемикалық тұртармағы болсада, малшылар үшін ешқандай

бағасы жоқ. Оны қорғаудың қажеті шамалы. Керісінше, ақбөкендер онсызда шектеулі жайылым ресурстарын құртып жатыр, ол қазірде біздің малдарға ауру жұқтыруы мүмкін. Біз ақбөкенді сүйе алмаймыз немесе оны тіршілік етуіне ризашылдығымызды білдіруімізде қиын.

Егерде бұрын регионда адамдар мен жабайы жануарлар арасындағы келіспеушілік негізінен барыспен байланысты болатын, оны үй малдарына шабуыл жасағаны үшін халық жақсы көрген емес, ал қазір біз тағы да оның бірінің пайда болғанын көреміз-малшылар мен ақбөкендердің қақтығыстары. Бұл конфликтіні шешу үшін жануарларды жергілікті тұрғындардан қорғаудың жаңа стратегиясын дайындау қажет, сондай-ақ жана контактыны орнату қажет және мақсатты аудитория үшін жаңа өзара әрекеттер инструменттерін құру керек.

Ақбөкен туралы қисса: моңғол баспасы

Муниб Ханьяри, Бристольский университет, munib@ncf-india.org

Гоби – бұл шөлейтті жер, ол әуелі қонақтарды қабылдауға қолайсыз жер сияқты болып көрінді Бірақ әуелі біз коллегалар бірге және жергілікті инспекторлармен, ақбөкен төлдейтін жерлерде мониторинг жүргізген Шаргин-Гоби провинциясында лагерде отырдық.

Батыс Моңғолияда және құстардың ән салғанын тыңдадық, және жерде кесіртенің қимылдарын бақыладық, маған ой келеді, шөл далада тіршілік қаулайды.

Ақбөкендер күйлеу кезінде үйдің мүйізді малдарынан - ұсақ күйіс қайыратын жануарлардан чума жұқтырды (PPR), ол



Ақбөкенге бақылау жүргізген команда толық құрамда демалыста Дарви сомонда, және Шаргин-Гоби провинциясында ақбөкендердің төлдейтін жерінен алық емес © Муниба Каньяри

олардың популяцияларының 54% құртып жіберді, сондықтан да 2017 ж. маусым айында төлдеу, мүмкін, моңғол ақбөкенінің сақтаулауына шешуші роль атқарған шығар. Біз Моңғолияға екі мақсат үшін келдік – төлдеу мониторингін өткізу және жануарлар образцыларын жинау, сол арқылы олардың организмінде антитель тізіліме, соны білу, PPR зақымдануына жауап ретінде.

Жана туған ақбөкен лақтарын табу оңай емес. Төрт күн бойы біздің іздеуіміз ешнәтиже бермеді. Далада сапар шегу барысында біз бірнеше өлген ақбөкендерді байқадық, бұл ауру туралы біраз жайды еске түсіреді. Тіпті бес күн болды лақтарды іздегенімізге, нәтиже жоқ, енді біз тіңілуге айналдық. Екі жергілікті ветеринарлар мынаны айтты: 2016 ж. қыркүйек айында чума эпизоотиясы басталған кезде ұсақ үй малдарының аналықтары түсіктер тастады. Шынында да ақбөкендерде де осындай жағдай бола ма?

Бірақ біз жануарлар группасын көрдік. Біздің қуанышымызға қарай, бұл - аналық және одан кішірек екі особтар. Кенеттен олар көзден ғажып болды. Міне осылай! Баратын жерімізге жетіп, біз бір аналықтың екі лағын көрдік. Қалай біз шаттандық десеңші! Бірақ лақтардың біреуі бар болғаны 2,2 кг болды – бұл моңғол түрттармағы үшін рекордно-кішкентай салмақ. Әдетте жаңа туған лақтарының салмағы 3 кг болады. Бұл, шынында, чуманың әсері ме?

Келесі төрт күн бойы біз 10 сағаттап бойы ақбөкен лақтарын іздеумен болдық, бірақ лақтарды табу мүмкін болмады. Мұндай жағдайда жұмыс істеуде командалық әрекеттер маңызды орын алады. Биік төбешіктен біз алыстан емізіп тұрған аналықты көрсек, жергілікті инспектор - Буянбатар оны өзінің подзорной трубасына түсіріп те үлгіріпті. Бұл уақытта біз басқа инспекормен, Буви, машинаға отырдық, рацияны қосып, әрі қарай жүріп кеттік, Буянбатар айтқан жерге қарай. Сонымен, біз тағы бір кішкентай лақты таптық.

Нәтижесінде бізде тоғыз жана туған ақбөкен лақтары – біреуі егіз және жетеуі дара лақтары тіркелді. Бірқатарына бар балғаны туғанына бірнеше күн ғана болған, және оларды аулау өте қиын болды! Әуелі біз 40-тай лақтарды табуды жоспарлаған едік-міне осындай көлемде алдыңғы мониторинг кезінде табылған еді. Мұндай санының өте төмен болуы түсіктер тастау нәтижесі ме немес ауру жануарлардың көбеюі әсер еттіме, тек жорамалдауға ғана болады!

Дарви сомонда, Улан-Баторға қайтар жолда, біз даланы еске алдық. Биылғы жылы мониторинг қиын болды-тұрақты күшті жел, ұзақ іздеу және барлығы 9 лақ. Оған қарамастан, бізге олардың әрқайсысынан қанның образцияларын алуға мүмкін болды, енді олар уланбаторлық ветериналық лабораторияға жіберіледі, онда PPR-ге антител барлығы зерттеледі, сонымен бірге Pasteurella бактериясының барлығы тексеріледі (2015 ж. Қазақстанда бұл бактерия ақбөкендер организмінде, әдетте, өмір сүретің, оларға зиянын тигізбей, пастереллеза эпизоотиясын туғызды,



Төлдеу кезінде біз тапқан тоғыз лақтардың бірі © Муниба Каньяри

Жаңалықтар (кеңейтім)

соның нәтижесінде, бұл жануарлардың жаппай қырылуын туғызды). Сонымен бірге біз группировкалар мөлшері мен құрылысы туралы, буаз аналықтар проценті туралы мәліметтер жинадық, сол арқалы ұсақ күйіс қайыратын жануарларда пайда болған чума бұл көрсеткіштерге өзгерістер енегізді ме? Сондай-ақ біз өлген жануарларлардың тістерін де алдық, олардың жасын анықтау үшін.

Улан-Баторға келгеннен кейін, біз біздің зерттеу жүргізген жерден алыс емес

мекенде 20 таутекенің өлгенін естідік. Олардың көбіне PPR диагнозын қойғвн. Шынымен, тауда мекендейтін тұяқты жануарларда зақымдана ма? Осы туралы ойлап, мен ақбөкен туралы да ойладым Мамонттар дәуірінен өмір сүріп келе жатқан бұл жануар, қазірде өте қолайсыз жағдайларда тіршілік етуге мәжбір болды. Осы оймен, осы сеінмен қараймыз, ақбөкеннің ұзын тарихында басты тарау әлі де жазыған жоқ, мен басымды жастыққа тигіздім де, ұйықтап кетіппін

2017 ж. Қазақстанда ақбөкендерге авиасанақ жүргізудің нәтижелері

Юрий Грачев, Институт зоологии КН МОН РК, teriologi@mail.ru

Қазақстанда ақбөкендерге авиаучет 11-ші сәуірден 30 сәуірге дейін жүргізілді. Санақ ҚР ауыл шаруашылығы министрлігінің орман шаруашылығы мен жануарлар әлемі комитетінің заказы бойнша ҚР білім және ғылым министрлігінің ФК зоология институтының, «ПО Охотзоопромның», облыстық жануарлар әлемі мен орман шаруашылық территориялық инспекцияның, мемлекеттік табиғи резерваттар «Алтын-Дала» және «Ырғыз-Торғай», Қорғалжын мемлекеттік

қорығының қызметкерлерінің қатысумен өтті.

Қазақстандағы ақбөкендердің жалпы саны 152.6 мың, болды, оның ішінде бетпақдала популяциясы 51.7 мың, үстірт популяциясы – 2.7 мың, Орал популяциясы – 98.2 мың особь болды. 2016 жылмен салыстырғанда, бетпақдала популяциясының саны 42.8%, үстірттікі – 42.1%, Орал популяциясының саны – 39.8% өсті. Ақбөкеннің жалпы саны, 2016 ж. салыстырғанда, 40.9% өсті.

2016-2017 жылдары ақбөкеннің бетпақдала және орал популяцияларының төлдеуі кезіндегі мониторинг нәтижелері

Альберт Салемгареев, Штеффен Цутер, Қазақстанның биоәртүрлілігін сақтау ассоциациясы, albert.salemgareev@acb.kz, steffen.zuther@acb.kz

2008 ж. бастап, «Алтын-Дала» табиғатты қорғау инициативасы төңірегінде РОО АСБК мамандары ақбөкеннің төлдетін жерлерінде оған мониторинг жүргізуде, 2016 ж. және 2017 ж., әсіресе, бетпақдала және орал популяцияларына ерекше көңіл бөлінген.

Мәселен, 2016 ж. ақбөкендердің орал популяциясының төлдеуі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек және Казталовка аудандарының қилысында өтті, онда екі ірі топтасқан группировка табылды, 7-ші және 17 мамыр аралығында жалпы қашықтығы 90 шақырым болатын территорияда, құлаққа сырғау арқылы 320 ақбөкен



Құлағына құлақсырғасы (білезігі) тағылған ақбөкеннің жаңа туған лағы © Альберт Салемгареевтікі

лақтарына сырға тағылды. Ақбөкендердің бетпақдала популяциясының төлдеуі 5-ші мамырдан 12 мамырға дейін Ырғыз-Торғай мемлекеттік таби резерваты территориясында өтті. 65 шақырым маршрутта шамамен 200 лақтың құлақтарына сырға тағылды. Лақтардың орташа салмағы (жыныстарына қарамай) 3,160 кг тартты.

2017 ж ақбөкеннің орал популяциясының төлдейтін қоныстарын зерттеу кезінде жалпы қашықтығы 142 км болатын 28 участкаде 950 ақбөкен лақтары саналды, олардың 663-іне құлақтарына сырға тағылды. Төлдеу бір-бірінен 35 шақырым қашықтағы екі участкаде өтті.

2017 ж., Қазақстанның солтүстік облыстарында көктемнің кешірек шығуына қарамастан, ақбөкендердің төлдеуі бетпақдала популяциясында 12 мамырда аяқталды. Мұнда мынаны атап көрсетуге болады: ақбөкендер төлдеу алдында үлкен топтасуға жиналған жоқ. Тек территориялар бойынша әртүрлі мөлшердегі жеке-жеке группалар тізді; олардың ішінде ең үлкен группа, құрамында 4000 ақбөкендер бар, Ырғыз-Торғай резерваты территориясында байқалды.

Жалпы мынаны атап өтуге болады, ақбөкендердің бетпақдала және Орал



Ақбөкендердің төлдеуге топтасуы
© Альберт Салемгареевтікі

популяцияларының 2016 және 2017 жж. төлдеуі өте жақсы өтті.


Зерттеу жұмысына РОО АСБК, РГКП «ПО «Охотзоопром», білім мен ғылым Министрлігінің биологиялық қауіпсіздік проблемасын ғылыми зерттеу институты, ауыл шаруашылық министрлігінің ветеринария жөніндегі ұлттық референттік Орталығы, БҒ министрлігінің Зоология институты; Королевтік ветеринарлық колледждың (Ұлыбритания) Бристольск университеттің (Ұлыбритания), және Франкфурттық зоологиялық қоғамның (Германия) мамандары қатысты.

Толығырақ: <http://www.acbk.kz/ru> және <http://www.acbk.kz/ru>

Қазақстанда информациялық кампания ақбөкен мүйіздерімен сауда жасауға қарсы

Данара Жарболова, Мухит Суттибаев, Қазақстанның биоәртүрлілікті сақтау ассоциациясы, danara.zharbolova@acbk.kz, mukhit.suttibayev@acbk.kz

Екі ай бойы 2016 ж. қарашасынан 2017 ж. қаңтарына дейін Қазақстанның биоәртүрлілікті сақтау ассоциациясы (АСБК) ақбөкендер мүйіздерімен заңсыз сауда жүргізуге қарсы масштабты информацияндық кампания өткізді. Кампанияның негізгі мақсаты – «ақбөкен мүйіздерін сатып алам» деген хабарландырулардың таралуына жол бермеу (кедергі жасау), мүйіздерді сатып алу/сату қылмыстық жауапкершілік екендігін қоғамға түсіндіру, сонымен бірге ақбөкенді сақтау проблемасына көңіл аудару керектігін ұғындыру.



Сурет 1. Қазақстан қалаларында ақбөкен мүйіздерін заңсыз сату-сатып алу хабарландырулардың проценттік қатынасы

Жаңалықтар (кеңейтім)

Кампания АСБК инициативасымен әрі ҚР МВД Административті полиция комитетінің табиғатты қорғау бөлімінің, ауыл шаруашылық министрлігінің орман шаруашылығы және жануарлар әлемі комитетінің және РГКП «ПО Охотзоопром» ұйымдарының қолдауымен өткізді.

Біздер Facebook социальдық сеттерінде арнаулы беттер ұйымдастырдық және солармен байланыс информациялармен алмасу үшін негізгі платфоорма болды, ақбөкендерді, жануарларды қорғау мәселелерін талқылау жалпы алғанда қоғамда қызығушылық тудырды. Беттер 686-дан аса жазыламдеушілерді жинады (Facebook – 667, контактыда – 19). Мұнда социальды сеттерді пайдаланушылар өздерінің қалаларында ақбөкен мүйіздерін сатып алу/сату туралы хабарландырудың фотографияларын жіберген. Сонымен бірге, What'sAPP қосымшасында «горячая линия» ашылған, осында барлық адамдар тауып алған хабарландырудың фотографияларын жіберіп тұрған. Халықты Қазақстан қалаларында (Астана, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Атырау және Қызылорда) заңсыз ақбөкен мүйіздерін - сатып алу/сату процестері мен информациялау үшін волонтермермен және құқықтық қорғау құрылымы қызметкерлерімен 5000 арнаулы дайындалған стикерлер таратылды.

